

Хромтау ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 20 наурыздағы № 82 "Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмаған тұлғалар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Хромтау аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 26 наурыздағы № 133 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 12 сәуірде № 3558 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Хромтау ауданының әкімдігінің 2016 жылғы 11 мамырдағы № 173 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Хромтау ауданының әкімдігінің 11.05.2016 № 173 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7 бабының 5-5), 5-6) тармақшаларына сәйкес Хромтау ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Хромтау ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 20 наурыздағы № 82 "Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмаған тұлғалар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-12-147 тіркелген, 2012 жылғы 06 сәуірдегі аудандық "Хромтау" газетінің № 12 санында жарияланған) қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) 1) тармағында "Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалар мен интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар" деген сөздер "қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар мен интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 2) тармағында "Хромтау аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығы А.Сержановқа" деген сөздер "Хромтау аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н.Изтлеуовке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Усманғалиев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК